Балалардың үйге қайтуы	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. тәртіптері жайлы айту.	Топта жеңіл киінуді ескерту.Дене шынықтыру формасын әкеліп қоюуды ескерту.	Балалардың тамақтануы жайлы ата-аналармен әңгімелесу.	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата-аналарға балаларының Ата аналармен әңгімелесу.

Қыркүйек айының І аптаны (Қайталау) 27.09. 21-1.10. 21 аралығындағы «Күншуақ» ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие,оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы:«Балабақша»

Апта тақырыбы:«Менің балабақшам»

Мақсаты::Балаларды көпшілік ортаға бейімдеу.Балабақшамен,өз топтарымен,ондағы орталықтармен(бұрыштар)таныстыру.Өз топтарын бағдарлай білуге үйрету.Балабақша қызметкерлерімен таныстыру,үлкендерді сыйлауға,үш тілде амандасуға,балаларды ойыншықтарды күтіп ұстауға,өзара достық қарым-қатынасқа ұқыптылыққа,тазалыққа тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 27 .09. 21	Сейсенбі 28. 09. 21	Сәрсенбі 29 .09 .21	Бейсенбі 30. 09. 21	Жұма 01. 10. 21
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Балаларды қабылдау. Ата-аналармен амандасу.Балаларды қабылдау.т өлшеу,тазалығын тексеру. Ата-аналармен жеке әңгімелесу. Дене қызуы мен тазалығына көңіл бөлу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)	Д/о: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту,мезгілдерді атауларын үйрету	Өлеңді жаттау: Балабақша есігін, Үшке тола ашқанбыз. Балапандай өсіріп, Мәпелейді бақшамыз. Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыту.	Д/о: «Балабақша» Мақсаты: балабақша қызметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету.	Тақпақ. Балабақшам Балабақша базалы үй, Ауылдағы ажарлы үй Шуағы мол шаттығы Өз үйіміз сияқты Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту.	«Менің балабақшам» Фото сурет құрастыру. Мақсаты: Фото суретте бейнеленген гүлдерді және балабақша маңында өсіп тұрған гүлдерді табу.
(Танертеңгілік гимнастика (5 мин)	Ертеңгілік жаттығу кешені тәрбиешінің нұсқауы бойынша №1 Қыркүйек айы (сылдырмақпен) Жүру,бір-бірінің соңынан сылдырмақты қолына ұстап жүру,жүгіру,шеңбер болып тұру. Жан-жақты дамыту жаттығулары: 1.Б.қ.аяқты бірге,қол төменде 1-қолды жоғары көтеру,2-оңға,3-солға сылдырлату,4 б.қ 4-5рет қайталау. 2.Б.қ аяқтың арасы ашық,қол төменде 1-отыру,2-сылдырмақты тізеге ұру,3-шылдырлату,4б.қ 4-5 рет қайталау. 3.Б.қ аяқтың арасы ашық,қол жанында 1-2 алға қарай сермеу,3-4 артқа қарай сермеу 4-5 рет қайталау. 4.Б.қ аяқтың арасы ашық,қол төменде 1-қолды созу.2-аяқтың ұшына тигізу.3 б.қ оралу 4-5 рет қайталау.				

	5.Б.қ аяқты бірге,қол алда қояндарша қос аяқтап секіру 7-8 секунд Еркін тыныс алу жаттығуы.				
Таңғы ас	Сылдырлайды мөлрдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Үстел үсті ойыны. «Сақинаны кигізу» Мақсаты: Сақиналарды тұғырға кигізу арқылы көзбен бағдарлай алуын дамыту.	Дидактикалық ойын: «Ойыншық машина» Мақсаты: Ойыншық машинаныңжібін тарта отырып,дыбысын шығара білу қабілетін дамыту.	Үстел үсті ойыны. Пазл. Мақсаты: Ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамыту..	Құрылыс ойындары: Мақсаты: «Балабақша» құрастырып ойнау, тату ойнауға үйрету.	Саусақ ойыны: Саусағымда сақина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайық жинап күш. Мақсаты: Балалардың зейінін дамыту.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі	1. Сөйлеуді дамыту Тақырып: «Қане, танысайық» Мақсаты: Балабақша алғашқы күнімен танысу, бейімделу күні болып есептеледі. Балалардың жаңа ортаға тез бейімделіп кетуі үшін тобындағы өздері секілді бүлдіршіндермен таныстырады, аттарын айтады.Балабақшаның әр бөлмесіне, демалыс бөлмесі, сахна, ойын бөлмесі т. б «саяхат» жасайды.Жеке бастың тазалығы жайлы мәліметтер береді. Баланың зеректігін, ойлау қабілетін дамыту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Д/о: «Балабақша»	1. Орыс тілі. Тема: «Моя группа (мой детский сад)» Мақсаты: Прожолжать знакомить детей с детским садом, ввести в словарь новые слова. Рассказать о работах детского сада. Воспитывать уважение к старшим, к труду работников детского сада. 2.Сурет салу. Тақырып: «Түзу сызықтар»(қарандаш). Мақсаты: Балаларды қағаз түрлерімен және түрлі түсті қарандаштармен таныстыруды жалғастыру. Қағаздың оң жағынан сол жағына қарай түзу сызықтар сызуға үйрету. Шығармашылық	1. Дене шынықтыру Мақсаты: Балаларға балабақша туралы түсінік беру. Меңгерген іскерлік, ептілік дағдыларды үйрету; шағын топпен тұру,нұсқаушының соңынан жүру жүгіру.Тура жолмен жүруге үйрету. Орында тұрып қос аяқпен секіруге үйрету. Шағын топпен жүру, жүгіру кезінде қолды еркін қалыпта ұстап жүруге жаттықтыру. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Маған қарай жүгіріндер»	1. Дене шынықтыру Мақсаты: Тура жолмен жүруге үйрету. Орында тұрып қос аяқпен секіруге үйрету. Шағын топпен жүру, жүгіру кезінде қолды еркін қалыпта ұстап жүруге жаттықтыру. Нұсқаушының тапсырмасын тыңдау,орындау,белгі бойынша тоқтау дағдылары. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Ақ доп,қызыл доп» 2.Жаратылыстану Тақырыбы:«Терезе алдында не өсіп тұр?» Мақсаты: Топ бөлмесіндегі табиғат бұрышымен таныстыру.	1.Дене шынықтыру Мақсаты: Балабақшаның екінші ортақ үйіміз екенің терең меңгерту. Тепе - тендікті сақтай отырып, екі сызықтың арасымен жүруді үйрету,шағын топпен жүруге және жүгіруге дағдыландыру,бірлескен әрекет кезінде жолдастарымен жақсы қарым қатынаста болуға тәрбиелеу; жаттығулар жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Поезд»

	Мақсаты: балабақша қызметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету. 2.Музыка Мақсаты:Әуен мен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету Ән айту: «Бақшаға келемін» (Ө. Байділдаев) Музыкалық ырғақты қимыл: «Қуыршақ» биі	қабілеттерін дамыту, түзу сызықтар сызуға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу.	2.Математика негіздері Тақырыбы:«Көп» және «бір» ұғымдарын таныстыру.Мақсаты:Балаларды жеке затты заттар тобынан бөліп алуға жеке заттардан топ құрастыруға үйрету. Танымдылық қызығушылығын арттыру және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Дидактикалық ойын: «Қай қолымда көп» Ойынның мақсаты: аз және көп заттарды ажиратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.	Оның қажеттілігі туралы білім беру.Олардың өсуіне қажетті шарттар туралы білімді жүйелеу.Күтім жасауға тәрбиелеу.	2.Музыка. Мақсаты:Музыкалық шығарманы тыңдау, әннің сөзін анық,дұрыс айтуға талпындыру,оқуға деген ынта – ықыласын, қызығушылығын қалыптастыру. Ән тыңдау: «Балабақша» (И Нүсіпбаев) 3.Қоршаған ортамен танысу. Тақырып: «Қонаққа қуыршақ Сәуле келді». Мақсаты: Мәдени-гигиеналық дағдылардықалыптастыруды жалғастыру. Көркемсөз, ойын арқылы балалардың сөздік қорын байыту.Балалардың өзіне өзі күту дағдыларын қалыптастыра отырып, тазалыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Қуыршаққа қонақ барамыз» Мақсаты: Балаларды ойыншықтар мен ойнату балардың бір-
--	--	---	---	--	--

					бірімен ауызша қарым қатынас жасауына ықпал ету.
Серуенге дайындық	Балаларды біртіндеп киімдерін кигізіп шығару.Өздерінің киімдерін дұрыс киюге үйрету.				
Серуен	Бақылау:Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты:Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін уақытын үнемдейтінін түсіндіру. Еңбекке баулу:Ағаш түптерін қопсыту,су құю. Жеке жұмыс: «Алтын күз» тақырыбында сурет бойынша әңгімелесу. Мақсаты:Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру. Қимылдық ойын: «Ақ қояным» Мақсаты:Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату,көңілдерін көтеру. Еркін ойын:Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнату. Мақсаты: Балалар бір-бірін тындап ойнауға үйрету.	Бақылау:Ауа-райын бақылау. Мақсаты:Ауа-райын бақылай отырып,күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбекке баулу:Таза алаң. Мақсаты:Аула сыпырушыға көмектесу.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.Тазалыққа кішіпейілдікке үйрету. Жеке жұмыс:Алинұр мен Ернұрға тапқакты жаттап үйрету. Үреді үйшікте, Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары-ала Біреуі қарадай ақ Біреуі сұр жолақ, Бәрібір,бәрінің жұмысы біреу-ақ Үреді абалап. Мақсаты:Тапқакты мәнерлеп айтуға үйрету.Есте сақтау қабілетін дамыту.	Бақылау:Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты:Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. Еңбекке баулу:Жапырақтардан гүл шоғын жасау. Мақсаты:Қол икемділігін дамыта отырып,әсемділікті,әдеміл ікті сезіне білуге талпындыру. Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тапқак Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей, Желмен ұшып барады. Жерге қонып үлгермей. Мақсаты:Балалардың тілдерін дамыту арқылы,сөздік қорын дамыту. Қимылдық ойын: «Аю жүрген орманда» Мақсаты:Қимыл қозғалысын дамыту. Еркін ойын:Өзіндік іс – әрекет: бір – бірімен	Бақылау:Жәндіктерді бақылау. Мақсаты:Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады.Мінекей құмырсқаларды қараңдарш,өз азықтарын жнап,еңбектеніп жатыр. «Қыстың қамын жаз ойла» Еңбекке баулу:Біздің алаң. Мақсаты:Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып,өздігінен еңбек ете білуге үйрету. Жеке жұмыс:Тыйым сөздерді жаттату. Мақсаты: «Суға түкірме», «Нанды баспа», «Дастархан басында түкірме» сөздердің мағынасын айтып түсіндіріу. Қимылдық ойын: «Жақсы жаман». Мақсаты:Балаларды жақсы мен жаманды ажырата білуге,жаман нәрселерден аулақ	Бақылау:Тұманды бақылау. Мақсаты:Күздегі тұманды бақылау,тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. Еңбекке баулу:Ағаштардың түптерін қопсыту. Мақсаты:Табиғатты аялап білуге,өсімдіктерге қамқор болуға,оларды күтіп-баптауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс:Мақал-мәтел Таза болса-табиғат, Аман болар-адамзат. Мақсаты:Мақал жаттау арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп,сөйлеу мәдениетін,ойлау қабілеттерін дамыту. : «Ақ қоян».

		Қимылдық ойын: «Қасқыр мен қаздар» Мақсаты:Топ болып ойнауға,рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Еркін ойын: Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнау. Мақсаты: Балаларды ұйымшылдыққа баулу	келісіп, тату ойнауға баулу. Мақсаты:Бір – біріне өкпелемей, бірге ойнау керектігін түсіндіру.	болуға,жақсыдан үлгі алуға тәрбиелеу. Еркін ойын:Өзіндік іс – әрекет: бір – бірімен келісіп, тату ойнауға баулу. Мақсаты:Бір – біріне өкпелемей, бірге ойнау керектігін түсіндіру.	Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Еркін ойындар: Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнау. Мақсаты: Балалардың бірлесіп ойнауға қызығыушылығын арттыру.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру				
Түскі ұйқы	«Бесік жырын»тыңдату	«Әлди-әлди» әнін айтып беру	Баяу әуен қосып тыңдату	Ертегіні айтып беру.	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Музыка тыңдату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау				
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру.				

Ойындар, дербес әрекет	Вариативтік компонент. “Ертегі бізде қонақта” Тақырыбы: «Театр туралы түсінік» Мақсаты: Мәдени орындар туралы балалардың түсінігін кеңейту. Театрға деген қызушылығын ояту. Өнерді бағалауға, бағамдауға тәрбиелеу. Театр мәдениеті туралы түсініктерін кеңейту.	«Қай мезгілде болады?» Мақсаты: Балалардың көру арқылы қабылдау, ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорларын молайту	Дидактикалық ойын: «Шарды үрле» Мақсаты: Балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.	Қимылды ойын: «Өз орныңды тап» Мақсаты: Баланың шапшаңдығын, байқағыштығын, зейінін дамыту	Қимылды ойын: «Керісінше» Мақсаты: Балалардың тыңдай алу қабілетін, қимыл қозғалыс әрекетін дамыту
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Айшаға өзіне қызмет көрсетудің қарапайым әдістерін орындату. Мақсаты: ұқыптылыққа, және шапшаңдыққа тәрбиелеу.	Меруертке музыка дыбыстарына тыңдауға қосылып айтуға бейімдеу. Мақсаты: Көңілді әуендерді тыңдай білуге, дыбысқа еліктеулерді қайталай білуге үйрету.	Нұрайға бояулардың ашық түсін ажыратуға үйрету. Мақсаты: ашық түстерді қабылдауға, ашық түстермен сызықтарды қағаз бетіне салуды үйрету.	Русланға бояулардың ашық түстерін таныстыру. Мақсаты: балаларды үлгіге қарап, түспен (қызыл, сары, ақ) таныстыру көзделеді	Аршатқа тірі объектілерді таныту, мысық, ит және т.б қалай дыбыстайды. Мақсаты: жануарларға қамқорлық қарым-қатынасын, оларға қамқор болу ықыласын тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу, ауа-райын бақылау, көшедегі машиналардың жүрісін бақылау, аула сыпырушыға көмектесу.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балаларының тәртіптері жайлы айту	Ата-аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу	Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.

Қазан айының I-апта 4.10.21-8.10.21 ж аралығындағы «Күншуақ» ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Апта тақырыбы: «Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»

Мақсаты: Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы, туыстық атаулар (ана,әке, ата, әже,әпке,аға т.б) туралы,отбасы мүшелерінің міндеттері туралы түсінік беру.Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету.Күз мезгілінің неліктен жомарт күз аталу себебімен, отбасы мүшелерінің күзгі еңбегімен таныстыру. Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту. Сөйлем құрап айтуға, дыбыстарды анық, таза жеткізе білуге дағдыландыру. Отбасында үлкендерді сыйлап, кішіге қамқор болу ,әдептілік қағидаларды сақтай білуге,жағымды қарым-қатынасқа және үйде, көшеде қауіпсіздік ережелерін сақтауғатәрбиелеу Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 04.10.21	Сейсенбі 05.10.21	Сәрсенбі 06.10.21	Бейсенбі 07.10.21	Жұма 08.10.21
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балалармен амандасу, денсаулықтарын тексеру, Күз мезгілі туралы ,көкөніс пен жемістер туралы әңгімелесу, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.Жағымды жағдай орнату.				

Ойындар (үстел үсті, дидактикалық, саусақ т.б)	Д/Ойын: «Кім тез табады?» Мақсаты: Үй іші адамдары үлкен, кіші, қыз, ұл, кішкене бөпе (бесікте) осылар бойынша үлестірілмелі суреттер беріледі. Балалар сурет бойынша тез, дұрыс жауап беруді үйренеді.	Д/Ойын: «Кім жоқ?» Мақсаты: Үйдің ішіне (ата, әже, әке, ана, аға, қарындасты) іліп қоямыз. Біреуін алып тастаймыз, балалар кім жоқ екенін айтады. (өздері орналастырады.	Қ/Ойын: «Тату-тәтті отбасы» Мақсаты: Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету.	Д/Ойын: «Менің отбасым» Мақсаты: Отбасындағы адамдарға көмектесуге және оларға қамқор болу.	Д/Ойын: «Анама көмектесемін» Мақсаты: Еңбекке баулу, және мейірімділікке ынтасын ашу.
Таңертеңгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу кешені Тәрбиешінің нұсқауы бойынша №2 Жүру жай жүру қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру шеңбер болып тұру. Жан-жақты дамыту жаттығулары. 1.Б.қ аяқты бірге қол төменде. 1-қолды алға созу 2-б.қ оралу. 4-5 рет қайталау. 2. Б.қ аяқтың арасы ашық қол кеудеде 1-қолды жанына созу, 2-б.қ оралу. 4-5 рет қайталау. 3.Б.қ аяқтың арасы ашық, қол желкеде. 1-тізені бүкпей алға еңкею, 2-б.қ оралу 4-5 рет қайталау. 4.Б.қ аяқтың арасы ашық, қол белде 1-қолды жанға созу, 2-отыру, 3-б.қ оралу 4-5 рет қайталау. 5.Б.қ аяқты бірге, қойып қос аяқтап қояндарша секіру, 7-8 секунд Еркін тыныс алу жаттығулары.				
Таңғы ас	Дастархан басында әдепті отыруды үйрету. Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, наның қиқымын шашпай, майлықты қолдануға үйрету. Тамақтан соң алғыс айту.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Қимылды ойын: «Отбасы» Мақсаты: Отбасы мүшелерін білу олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап тату ойнауға тәрбиелеу.	Д/о: «Ол үйде кімдер тұрады» Мақсаты: Барлық үйдің өз отбасы болады олар бір-бірімен тату тәтті тұрады.	Д/о: «Мынау кім» Мақсаты: Балаларды тапқырлыққа есте сақтау қабілетін дамытуға баулу. Отбасындағы мүшелердің атын атап жасырынған отбасы мүшесін табу.	Д/о: «Отбасы мүшелерін ата» Мақсаты: Отбасы мүшелерін атау (ата, әже, әке, ана, іні, әпке, аға, сіңілі, қарындас, т.б) Өз жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету.	Д/о: «Кім жоқ» Мақсаты: Тақтада отбасы мүшелерінің суреті ілулі тұрады. Балалар көздерін жұмады. Тәрбиеші тақтадағы бір отбасы мүшесінің суретін алып тастайды. Балалар көздерін ашып мұқият қарап шығып кімнің суреті жоқ екенін айтады.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Отбасы» сурет бойынша әңгімелеу Мақсаты: Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру. Сурет арқылы	1.Орыс тілі Тема: «Моя семья, труд родителей» Расширять словарный запас детей, учить называть на русском языке членов семьи, применять обобщающее	1.Дене шынықтыру Мақсаты: Отбасы мүшелерін санай отырып, саптізбекте саналуға үйрету. тура бағытта төрттағандап еңбектеуді үйрету. Қос	1.Дене шынықтыру Мақсаты: Отбасының татулығы туралы әңгімелету арқылы түсініктерін кеңейту. Балаларды шағын топпен жүруге және жүгіруге үйрету;	1.Дене шынықтыру Мақсаты: Отбасының татулығы туралы әңгімелету арқылы түсініктерін кеңейту. Балаларды шағын топпен жүруге және жүгіруге үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; екі аяқпен

	туыстық атаулармен таныстыру. Отбасында үлкендерді сыйлап,кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу. Д/о: «Мынау кім» Мақсаты:Балаларды тапқырлыққа есте сақтау қабілетін дамытуға баулу. Отбасындағы мүшелердің атын атап жасырынған отбасы мүшесін табу. 2.Музыка 1 .Мақсаты:Музыка әуенін тыңдап, әнді таза, түсінікті, көңілді айтуға, музыка бөліктерінің өзгеруіне қимылмен жауап беруге үйрету Ән тыңдау:«Бесік жыры» (халық әні) Ж. Тұрсынбаев Ән салу: «Екеуміз әйбат баламыз» Қ. Қуатбаев Ырғақтық қимыл: «Айгөлек» халық әуені. «Дос-тастық»	слово «семья». Развивать устойчивость внимания, воображение, совершенствовать произношение гласных звуков: я, у, ы, е, э. Воспитывать уважение к старшим и заботливое отношение к членам семьи. 2.Сурет салу Тақырыбы: «Әжемнің орамалын әшекейлейміз»(саусақпен) Мақсаты:балаларды саусақпен сурет салуды үйретуді жалғастыру (қағаз бетін дұрыс бағдарлай отырып, жиегіне салу) Сурет салу қабілеттерін дамытуды жалғастыру.Отбасындағы әженің орны, оны сыйлауға тәрбиелеу.	аяқпен секіру.аяқ бірге аяқ алшақ үйрету. Саптізбекке бір- бірден тұру; секіру Аяқ бірге- аяқ алшақ қимылдарын бекіту. Тоқтап және тапсырманы орындай жүгіру. К/о:«Торғайлар мен мысықтар». 2.Математика негіздері Мақсаты:Фигураларды шамасына қарай салыстыру. Бір – біріне беттестіру арқылы фигураларды салыстыру, үлкен, кіші немесе бірдей сөздерін пайдаланды үйрету. Зейінін, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Танып білуге ынталы болуға, белсенділікке тәрбиелеу. Д/о: «Отбасы мүшелерін ата» Мақсаты:Отбасы мүшелерін атау (ата, әже, әке, ана, іні, әпке, аға, сіңілі, қарындас, т.б) Өз жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету.	салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; екі аяқпен бір орында тұрып секіру дағдыларын, ұсақ қол қимылдарын жетілдіру. Қ/о :«Тауықтар бақшада» 2.Жаратылыстану Тақырыбы:«Менің мекенім- менің - жанұям» Мақсаты:балаларға туыстық қатынасы жақын адамдар бір үйде тұратыны, олардың бірін бірі қатты жақсы көретіні туралы түсінікті жануарлармен салыстыра отырып түсіндіру. Ойлауын дамыту. Отбасын сүюге, құрметтеуге, қамқор болуға тәрбиелеу. Д/о: «Қай зат кімдікі» Мақсаты: Ойын арқылы отбасы мүшелерін ажырата білуге кімге қай зат тиесілі екенін табуға балалардың есте сақтау қабілетін	бір орында тұрып секіру дағдыларын, ұсақ қол қимылдарын жетілдіру. Қ/о:«Мысық пен тышқандар» 2.Музыка Мақсаты:Отбасы мүшелері туралы түсініктерін қалыптастыру,бір үйде тұратын адамдарды отбасы екенін түсіндіру. Ән тыңдау:«Бесік жыры» (халық әні) Ж. Тұрсынбаев Ән салу: «Екеуміз әйбат баламыз» Қ. Қуатбаев Ырғақтық қимыл: «Айгөлек» халық әуені. «Дос-тастық» 3.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы:«Менің отбасым» (әңгімелеу) Мақсаты:Әрбір баланың өз жақын адамдары, отбасы болатындығы жайлы түсінік беру. Ата – аналарының аттарын атап айтуға үйрету. Туыстарын атай отырып, олардың отбасындағы рөлдері, қызметтері туралы әңгімелеу. Сөйлем құрай білу дағдыларын арттыру. Достық қарым – қатынасқа тәрбиелеу. Д/о: «Мынау кім»
--	---	--	---	--	---

				зейінін ойлау кабілетін дамыту.	Мақсаты: Балаларды тапқырлыққа есте сақтау кабілетін дамытуға баулу. Отбасындағы мүшелердің атын атап жасырынған отбасы мүшесін табу.
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінудің,аяқ киімдерінің бауын байлаудың, салуын, киімдерінің түймесін салуын, қадағалау үйрету, мадақтау.				
Серуендеу	1.Бақылау: Далаға шығып серуендеу. Ауа не үшін қажет? Ауаны бақылап қарау. Мақсаты: Балаларға ауа туралы түсінік беру. Адам заттың ауасыз өмір болмайтыны туралы түсінік беру. 2.Еңбек: «Бұтақтардың түбін тазарту» Мақсаты:Ересектердің көмегімен ойын алаңын тазалауға көмектесу. 3.Қо «Доп сияқты секір» Мақсаты: бір орында тұрып секіруге, ептілікке, Шапшаң дербес әрекет жасауға үйрету. 4.Жеке жұмыс: Расулға, түстерді айтқызу,және ажырата білуге үйрету. Мақсаты:Баланың ой кабілетін дамыту. 5.Еркін ойындар: Мақсаты:Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнату.	1.Бақылау: Серуенге шығу.Ауа-райын бақылау. Күз мезілін бақылау. Әңгімелесу. Мақсаты:Күз мезгіліндегі табиғат құбылысының ерекшеліктерін,түсіндіру. 2.Еңбек:Екі топқа бөлініп ұшқан жапырақтарды шелекке жину. Мақсаты:Балаларды еңбек етуге баулу.үлкендердің еңбегін бақылап,еңбекке баулу. 3.Жеке жұмыс.Ернұрға қатардын не екенін түсіндіру. Мақсаты:қатармен жүрулерін қадағалау.Бір-біріне кедергі келтірмеу. 4.Қимылды ойын: «Күн шуақ және жаңбыр.»ойынын ойнату. Мақсаты:Балаларды шапшаңдыққа ,ептілікке үйрету. 5.Еркін ойын.	1.Бақылау: Ауа райын бақылау Мақсаты:Қазан айындағы ауа-райын бақылау. Өзіне тән белгілерін анықтап отыру. 2.Еңбек:Құс қауырсындарын жинау. Мақсаты:Айналадағы қоқыс-қалдықтарын жинастыруға үйрету. 3.Жеке жұмыс. Ақназарға «Қошақаным қайда екен?» өлеңін жаттату. Мақсаты:Тілдерін дамыту, жетілдіру. 4.Қимылды ойын: «Не қалай жүреді?». Мақсаты:Шеңбер бойлап балалар тұрады, нұсқаушы балаларға музыка әуені мен немесе жүру арқылы әртүрлі жабайы немесе үй жануарларының жүрісін салады. 5.Еркін ойын. «Шеңберге түсіру.»	1.Бақылау: Шықты бақылау. Мақсаты: Балаларды табиғат құбылысы шықпен таныстыру. 2.Еңбек: Ойын алаңын сыпыру.Мақсаты:Ер есектердің еңбектерін бағалауға үйрету. 3.Қимылды ойын: «Не естеледі?» Мақсаты:Балаларға ойын арқылы есту және есте сақтау кабілеттерін дамыту.Балалардың көздерін жұмып,шеңберде отырады,нұсқаушы балаларға таныс түрлі ойыншықтар,заттар музыка әуенімен әр түрлі аңдар даусын шығарып,не естіледі? Дөп сұрақ қояды.балалар	1.Бақылау: Күзгі желді бақылау Мақсаты:Балаларды табиғат құбылыстары желдің соғуын, желдің бағытын,жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету. 2.Еңбек: Ойын алаңын сыпыру. Мақсаты: Ересектердің еңбектерін бағалауға үйрету. 3.Қимылды ойын: «Торғай мен мысық» Мақсаты: Балалардың ептілігін және шапшаңдылығын дамыта отырып ойынға деген қызығушылығын ояту.Мысық ұйықтап жатады,осы кезде мысық оянып кетіп, торғайларды көріп, оларды қуа бастайды.Торғайлар ұшып орындарына бару керек. 4.Жеке жұмыс: Нұрай мен Айбатқа серуенге шығарда киімдерін дұрыс киюлерін қадағалау,және көмектесу. Мақсаты:Баланың өз бетінше әрекет етуіне дағдыландыру. 5.Еркін ойын.

		Мақсаты:Ойын алаңында емін-еркін ойнау,ойын ережелерін қатаң сақтауға үйрету.	Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалысын дамыта отырып, тепе-теңдік сақтауға және құм толтырылған дорбаны шеңберге түсіруді үйрету.	қандай дыбыс шыққанын айтады. 4.Жеке жұмыс: Балаларды қатармен дұрыс жүрулерін ескерту. 5.Еркін ойын Мақсаты:Ойын алаңында емін-еркін ойнау,ойын ережелерін қатаң сақтауға үйрету.	«Маған қарай жүгіріңдер» Мақсаты. Балалардың ойын арқылы жүру және топ болып ойнауға тәрбиелеу.Нұсқаушының белгісі бойынша ойынды қимыл-қозғалыс пен орындауға қызығушылығын ояту.
Серуеннен оралу	Сырттан аяқ киімдерін тазалап кіргізу Өз бетімен шешінуін,киімдерін рет-ретімен жинауын, киімдерінің түймесін ағытуын, қадағалау үйрету.Өз шкафтарына киімдерін ілгізуге үйрету мадақтау. Беті қолдарын жуу,сабындау.				
Түскі ас	Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру.Орындыққа өзі отырып, тұру.Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,майлықты қолдану.Тамақтан соң алғыс айту. Бата Асың, асың, асыңа Береке берсін басыңа Аман есен әр дайым Ата-анаң жүрсін қасыңда				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
	Баяу музыка тыңдату	Ертегі оқып беру «Бауырсақ»	Баяу музыка тыңдату	Ертегі оқып беру «Түлкі мен қасқыр»	Ертегі оқып беру «Шалқан»

Біртіндеп тұру. Ауа, су ем шаралары	Ұйқыдан ояту, созылу, керілу. Ойын жаттығу. Бастапқы қалып: ішпен жатып, қолды алға бүгу, маңдайды қол сыртына тигізу. Бөксені төсектен қозғамай, әр аяқты алма-кезек. Бастапқы қалып: арқамен жатып, қол дене бойында созулы. Қолды жаңға созу-дем алу, қолды кеудеде крестеу-дем шығару. Балаларды бір бірден төсектен тұрғызу, салқын сумен беті – қолдарын жуу.				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу. Тауысып ішуін қадағалау.				
Ойындар дербес әрекет	Вариативтік компонент «Ертегі бізде қонақта» «Үйшік» (үстел үсті театры) Мақсаты: Үстел үсті театры туралы түсінік беру. Балаларды ертегі кейіпкерлерінің әрекеттерін бағалауға, ертегі кейіпкерлерін дауыс ырғақтарын келтіре білуге дағдыландыру.	Д/о: «Мынау кім» Мақсаты: Балаларды тапқырлыққа есте сақтау қабілетін дамытуға баулу. Отбасындағы мүшелердің атын атап жасырынған отбасы мүшесін табу.	Д/о: «Қай зат кімдікі» Мақсаты: Ойын арқылы отбасы мүшелерін ажырата білуге кімге қай зат тиесілі екенін табуға балалардың есте сақтау қабілетін зейінін ойлау қабілетін дамыту.	Д/о: «Мынау кім» Мақсаты: Балаларды тапқырлыққа есте сақтау қабілетін дамытуға баулу. Отбасындағы мүшелердің атын атап жасырынған отбасы мүшесін табу.	Д/о: «Ол үйде кімдер тұрады?» Мақсаты: Барлық үйдің өз отбасы болады олар бір-бірімен тату тәтті тұрады.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс.	Нұрайға, үй Жануарлар туралы тақпақ айтқызу, қошақаны қойдың, Қайда қалып қойдың Бұлтиып тұр бүйірің. Қай өрістен тойдың. Мақсаты: Баланың сөздік қорын байыту.	Русланға төрт-түлек мал туралы тақпақ жаттау. Секең-секең ей лақ, Жүрмін саған киіп –ақ, Тыным тапсаң болмайма? Секір мей-ақ ей лақ Мақсаты: Баланың тілінің еркін сөйлеуіне дағдыландыру.	Омарға, «Жеті лақ» ертегісінің түсінігін айтуға, үйрету және олардың дыбысын салу. Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін дағдыландыру.	Алинұрға «Қасқыр мен түлкі» ертегісінің мағанасын түсіндіріп, айтуға үйрету, жабайы жануар мен үй жануарларын ажырата білу. Мақсаты: Баланың ертегіге деген қызығушылығын арттыру.	Айшаға суреттегі Жабайы жануарлар мен үй жануарларын ажыратып, олардың дыбыстарын ажыратуға үйрету. Мақсаты: Баланың ой өрісін дамыту.
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін аяқ киімдерінің бауын байлауын, салуын, киімдерінің түймесін салуын, қадағалау үйрету, мадақтау.				
Серуен	Мақсаты: Қызығушылықтары бойынша ойындар ұйымдастыру, қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету, достыққа тәрбиелеу. Қимылдық ойын: «Кім жылдам?» Еркін ойындар				

Балалардың үйге оралуы	Ата-аналармен кеңес. Балаларымен үнемі дұрыс әңгімелесуге, үйрету, ойлау қабілеттерін дамытуға, көмектесу.	Ата-анамен кеңес. Балаларды, балабақша Менқоштасуға үйрету. Әрайдың 10-да ақшаларын төлеуді ескерту.	Ата-анаға кеңес. Балалармен үнемі, суретер бойынша, әңгімелесуді дағдыландыру. және «Күзгі қиял» туралы суреттер әкелуді ескерту.	Ата-аналарға балалардың бала бақшадағы іс-әрекеті мен, тамақтануы туралы әңгімелесу.	Ата-аналарға балаларының, киімдерін дұрыс киіну дұрыс қадағалауын тапсыру. және таза әкелулерін талап ету.
-------------------------------	--	--	---	--	--

Қазан айының ІІ-апта 11.10.21-15.10.21 ж аралығындағы «Күншуақ» ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Апта тақырыбы: «Менің көшем»

Мақсаты: Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы, туыстық атаулар (ана,әке, ата, әже,әпке,аға т.б) туралы,отбасы мүшелерінің міндеттері туралы түсінік беру.Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету.Күз мезгілінің неліктен жомарт күз аталу себебімен, отбасы мүшелерінің күзгі еңбегімен таныстыру. Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту. Сөйлем құрап айтуға, дыбыстарды анық, таза жеткізе білуге дағдыландыру. Отбасында үлкендерді сыйлап, кішіге қамқор болу ,әдептілік қағидаларды сақтай білуге,жағымды қарым-қатынасқа және үйде, көшеде қауіпсіздік ережелерін сақтауғатәрбиелеу. табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 11.10.21	Сейсенбі 12.10.21	Сәрсенбі 13.10.21	Бейсенбі 14.10.21	Жұма 15.10.21
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балалармен амандасу, денсаулықтарын тексеру, Күз мезгілі туралы ,көкөніс пен жемістер туралы әңгімелесу, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел үсті,дидактикалық, саусақ т.б)	Бағдаршам Қызыл көзін ашқанда, Сынық сүйем баспа алға! Сары көзін ашқанда, Қарап қалма аспанға! Жасыл көзін ашқанда, Өте бергін жасқанба Мақсаты: Балаларға тақпақты жатта отырып есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Үстел-үсті ойыны: Құрастыру «менің көшем» Мақсаты: тар және кең көше құрастыру	Дидактикалық ойын: «Қауіпті және қауіпсіз заттар» Мақсаты: Қауіпті заттарды қауіпсіз заттардан ажыратып қою.	Дидактикалық ойын:«Бағдаршам» Мақсаты: бағдаршам көздерінің атқаратын қызметтерін атап тұру, соған сәйкес бағдаршамның көзін көрсетіп отыру.	Үстел-үсті ойыны: «Бағдаршам түсін ретімен орналастыр» Мақсаты: Балаларға түсті ажырата білуге үйрету.
Таңертеңгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу кешені тәрбиешінің нұсқауы бойынша №2 Жүру жай жүру қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру шеңбер болып тұру. Жан-жақты дамыту жаттығулары. 1.Б.қ аяқты бірге қол төменде.1-қолды алға созу 2-б.қ оралу. 4-5 рет қайталау. 2. Б.қ аяқтың арасы ашық кол кеудеде 1-қолды жанына созу, 2-б.қ оралу. 4-5 рет қайталау. 3.Б.қ аяқтың арасы ашық, қол желкеде. 1-тізені бүкпей алға еңкею, 2-б.қ оралу 4-5 рет қайталау. 4.Б.қ аяқтың арасы ашық, қол белде 1-қолды жанға созу, 2-отыру,3-б.қ оралу 4-5 рет қайталау. 5.Б.қ аяқты бірге, қойып қос аяқтап қояндарша секіру, 7-8 секунд Еркін тыныс алу жаттығулары.				
Таңғы ас	Дастархан басында әдепті отыруды үйрету.Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,наның қиқымын шашпай,майлықты қолдануға үйрету.Тамақтан соң алғыс айту.				

Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Дидактикалық ойын: «Кім қайда тұрады?» Мақсаты: Балалардың өз үйін өз көшесін тани білуге үйрету.	Дидактикалық ойын: «Ұшады,жүреді,жүзеді» Мақсаты: Көліктерді өз орнына орналастыра білу.	Үстел үсті ойыны: «Менің көшем» Мақсаты: үлгі бойынша орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, картиналар құрастыру.	Дидактикалық ойын:«Көліктерді дыбысынан ажырат» Мақсаты: дыбысынан тани білуге үйрету , аңғарымпаздыққа баулу. баулу	Үстел-үсті ойыны:«Көшедегі әр түрлі көліктер» Мақсаты: Көліктердің түрлерін айыра білуге дағдыландыру.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Мен көшемен келемін»(сурет бойынша әңгімелеу)Мақсаты: балаларға өзі тұратын үй, көшесі, мекен-жайы туралы білім беру, жолда жүру ережелері туралы түсінік беру.Көше қиылысы,бағдаршам,жол белгілері , қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері туралы түсіндіру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Баланы зейінді,епті болуға. Жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу тәрбиелеу. Дид-қ ойын:«Көшедегі көлік түрін дыбысынан таны» Мақсаты:көшеде жүру ережелерін сақтауға үйрету.	Көркем әдебиет Тақырыбы:Ә. Табылдиев «Бағдаршам» (өлең жаттау) Мақсаты: балаларды жол ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Бағдаршам туралы түсініктерін жетілдіру.Зейінін, есте сақтау, түсті айыра білу қабілеттерін дамыту. Сөздерді анық айтуға дағдыландыру. Көшеде жүру ережесін білу арқылы жолда жүру мәдениетін үйретіп, сақтыққа тәрбиелеу .Дид-қ ойын:«Көшедегі қауіпсіздік» Мақсаты:көшеде жүру ережелерін нақты айтуға үйрету. Қоршаған ортада өзін дұрыс ұстау дағдыландыру.	Дене шынықтыру Мақсаты:Допты домалату кезінде . Бір-біріне допты домалатуды үйрету.Допты домалату кезінде қолдың қозғау күшін, қимыл үйлесімділігін, ұсақ сезім мүшелерін дамыту. Қ/о:««Өз орынды тап» Математика негіздері Мақсаты: Шеңбер геометриялық пішіні туралы түсінік беру. Шеңберлерді шамасына қарай салыстыру машығын дамыту. Зейінін, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Танып білуге ынталы болуға, белсенділікке тәрбиелеу. Белсенділікке тәрбиелеу. Дид-қ ойын: «Көшедегі әр-түрлі көліктер »	Дене шынықтыру Мақсаты:Отбасы мүшелерін санай отырып ,саптізбекте санауға үйрету.Бір біріне допты домалату; тура бағытта төрттағандап еңбектеуді үйрету.Допты домалату кезінде қолдың қозғау күшін; қимыл үйлесімділігін дамыту. Тура жолмен жүру және жүгіру. Шектелген алаң бойы жүруде тепе теңдік сақтау қалпын бекіту. Төрттағандап еңбектеу кезінде, еңбектеуде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуді , ұсақ сезім мүшелерін дамыту. Қ/о:««Қояндар» Жаратылыстану	Дене шынықтыру Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтап жүгіруге үйрету.Жылдамдық және ептіліктерін дамыту; түрлі тәсілдермен жүгіруге үйрету; балалардың зейінін дамыту. Қ/о:««Мысық пен торғайлар» Жапсыру Тақырыбы:«Біздің үй» Мақсаты: Балаларға геометриялық пішін үшбұрышпен төртбұрыштан композиция құрастыра білуге үйрету. Ақ парақшаға алдымен төртбұрышты, содан соң үшбұрышты жапсырып, үй жасауға үйрету. Түстерді ажырата білуге дағдыландыру. Қызығушылықтарын арттырып, сөздік қорын молайту. Сұлулыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу

	Байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Құрастыру Тақырыбы: «Менің көшемдегі үйлер» Мақсаты: балаларды шаршы және үшбұрыш пішіндерді құрастыра отырып пішіндерді қолдана отырып,бағдаршам құрастыруды үйрету.Түстерді ретімен орналастыра білуін қадағалау. Жұмыс барысында бір - біріне кедергі жасамауға, бастаған істерін тиянақты аяқтауға тәрбиелеу	Сурет салу Тақырыбы: «Мен тұратын үй» (қарындашпен) Мақсаты: Балаларға үшбұрыш, шаршы пішіндерді салу арқылы жолды бейнелеуді үйрету. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қарындашты оң қолдарына, үш саусақпен ұстап сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу. Бір – біріне кедергі жасамай сурет салуды үйрету.	Мақсаты: «Қанша еді?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге дағдыландыру. Музыка Мақсаты:Музыканы тыңдап, жуан жіңішке дыбыстарды ажырату. Өнді мәнерлеп таза көңілді айтуға үйрету, балаларға жолда жүру ережелерін түсіндіру, әуенге сай қимылдар жасап үйрену. Өн тыңдау«Анашым» Дауыс жаттығуы Өн айту: «Апам үшін» (С. Қалиев) Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қамажай» би қимылдары «Пойыз» ойын	Тақырыбы: «Мекендерін тап!» Мақсаты: балаларға табиғаттағы әрбір тіршілік иелерінің паналайтын өз мекені болатын туралы түсінік беру.Адамның мекені- өз үйі екенімен таныстыру. Үй ішіндегі адамдар- «отбасы», «жанұя» деп аталатынын үйрету. Отбасын жақсы көруге тәрбиелеу. Дид-к ойын:«Құмырсқаның илеуіне жолды тап» Мақсаты: достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру.	Дид-к ойын: «Менің көшем» Мақсаты: көшеде жүру ережелерін нақты айтуға үйрету. Қоршаған ортада өзін дұрыс ұстау дағдыландыру.
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін,аяқ киімдерінің бауын байлауын, салуын, киімдерінің түймесін салуын, қадағалау үйрету, мадақтау.				
Серуендеу	1.Бақылау: «Бұлтты бақылау» Мақсаты: Балаларға бұлттың неге ұқсайтынын қай бағытқа көшіп жатқанын бақылатып әңгімелеу.	1.Бақылау: «Жәндіктерді бақылау» Мақсаты: Күзде жылы жаққа ұшқан құстарды бақылату. 2.Еңбекке баулу. Мақсаты: Балаларды еңбек етуге баулу.үлкендердің	1.Бақылау: «Күз мезгілінде желді бақылау» Мақсаты: Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту.	1.Бақылау: «Ағаштарда желмен ұшып түсіп жатқан жапырақ -тарды бақылау» Мақсаты:Жапырақтар	1.Бақылау: «Құмдағы іздерді бақылау». Мақсаты: Учаскелердегі құмдағы іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету. Өз іздерін бір-бірімен салыстыру.

	2.Еңбек: Ересектердің көмегімен ойын алаңын тазалауға көмектесу. 3.Қо «Доп сияқты секір» Мақсаты: бір орында тұрып секіруге, ептілікке, Шапшаң дербес әрекет жасауға үйрету. 4.Жеке жұмыс: Аянға, түстерді айтқызу,және ажырата білуге үйрету. Мақсаты: Баланың түсті ажырата білуін және түстерді жаттату. 5.Еркін ойындар: Мақсаты:Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнату.	еңбегін бақылап,еңбекке баулу. 3.Қимылды ойын: Мақсаты: «Күн шуақ және жаңбыр.»ойынын ойнату.Балаларды шапшаңдыққа ,ептілікке үйрету. 4.Жеке жұмыс. Омарға қатармен жүруін үйрету. Мақсаты: Баланың бір қалыпта жүруін қадағалау. 5.Еркін ойын. Мақсаты:Ойын алаңында емін-еркін ойнау,ойын ережелерін қатаң сақтауға үйрету..	Балалардың тілін дамыту, әңгімелеу арқылы. 2.Еңбекке баулу Мақсаты:Айналадағы қоқыс-қалдықтарын жинастыруға үйрету. 3.Қимылды ойын. «Не қалай жүреді?». Мақсаты:Шеңбер бойлап балалар тұрады, нұсқаушы балаларға музыка әуені мен немесе жүру арқылы әртүрлі жабайы немесе үй жануарларының жүрісін салады. 4.Жеке жұмыс. Расулға мақал мәтел жаттатқызу. Мақсаты: Баланың тіл байлығын байыту. 5.Еркін ойын. «Шеңберге түсіру.» Мақсаты:Балалардың қимыл-қозғалысын дамыта отырып, тепе-теңдік сақтауға және құм толтырылған дорбаны шеңберге түсіруді үйрету.	дың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналага қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету. 2.Еңбекке баулу, мақсаты:Ересектердің көмегімен ойын алаңын тазалау 3.Қимылды ойын: «Не естеледі? Мақсаты:Балаларға ойын арқылы есту және есте сақтау қабілеттерін дамыту.Балалардың көздерін жұмып,шеңберде отырады,нұсқаушы балаларға таныс түрлі ойыншықтар,заттар музыка әуенімен әр түрлі аңдар даусын шығарып,не естіледі? Деп сұрақ қояды.балалар	2.Еңбек: Шашылған жапырақтарды ұшып келген қағаз қалдықтарын жинау. 3.Қимылды ойын: «Торғай мен мысық» Мақсаты: Балалардың ептілігін және шапшаңдылығын дамыта отырып ойынға деген қызығушылығын ояту.Мысық ұйықтап жатады,осы кезде мысық оянып кетіп, торғайларды көріп, оларды қуа бастайды.Торғайлар ұшып орындарына бару керек. 4.Жеке жұмыс: Айша мен Ақботаға серуен кезінде киімдерін дұрыс киюлерін қадағалау,және көмектесу. Мақсаты: Баланың өз ынтасымен өз бетінше киіндіру. 5.Еркін ойын. «Маған қарай жүгіріңдер» Мақсаты.Балалардың ойын арқылы жүру және топ болып ойнауға тәрбиелеу.Нұсқаушының белгісі бойынша ойынды қимыл-қозғалыс пен
--	--	---	--	---	--

				қандай дыбыс шыққанын айтады. 4.Жеке жұмыс: Мұхтарға қатардын не екенін түсіндіріп өту. Мақсаты:Балаларды қатармен дұрыс жүрулерін ескерту. 5.Еркін ойын мақсаты:Ойын алаңында қар мен ойнау,қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау,ұйымшылдық қа тәрбиелеу.	орындауға қызығушылығын ояту.
Серуеннен оралу	Сырттан аяқ киімдерін тазалап кіргізу Өз бетімен шешінуін,киімдерін рет-ретімен жинауын, киімдерінің түймесін ағытуын, қадағалау үйрету.Өз шкафтарына киімдерін ілгізуге үйрету мадақтау. Беті қолдарын жуу,сабындау.				
Түскі ас	Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру.Орындыққа өзі отырып, тұру.Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,майлықты қолдану.Тамақтан соң алғыс айту. Бата Асың, асың, асыңа Береке берсін басыңа Аман есен әр дайым Ата-анаң жүрсін қасыңда				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
	Баяу музыка тыңдату	Ертегі оқып беру «Бауырсақ»	Баяу музыка тыңдату	Ертегі оқып беру «Түлкі мен қасқыр»	Ертегі оқып беру «Шалқан»
Біртіндеп тұру. Ауа, су ем шаралары	Ұйқыдан ояту, созылу, керілу. Ойын жаттығу. Бастапқы қалып: ішпен жатып, қолды алға бұғу, маңдайды қол сыртына тигізу. Бөксені төсектен қозғамай,әр аяқты алма-кезек. Бастапқы қалып: арқамен жатып, қол дене бойында созулы. Қолды жаңға созу-дем алу, қолды кеудеде крестеу-дем шығару. Балаларды бір бірден төсектен тұрғызу, салқын сумен беті – қолдарын жуу.				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу.Тауысып ішуін қадағалау.				

Ойындар дербес әрекет	Вариативтік компонент «Ертегі бізде қонақта» «Ит мысық және тышқан» ертегісі (әңгімелеу, түсіндіру). Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсіндіру. Өз түсінігімен әңгімелеу барысында сөздік қорын молайтып, тіл байлығын дамыту.	Дидактикалық ойын: «Біреу және көп» Мақсаты: балаларды біреу және көп ұғымын ажырата алуға үйрету, тәрбиеші заттардың арасынан, бір және көп заттарды табуды өтінеді. Мысалы, сағат біреу, такта біреу, ойыншықтар көп.	Дидактикалық ойын. «Табиғат құбылыстарын ажыратып, олардың қасиеттерін ата.» Мақсаты: Қасиетіне қарай, қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, бұға айналады. Қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер, олардың бір-бірінен айырмашылығын айтады.	Қимылды ойын: «Өз үйінді тап» Мақсаты: Балалардың өз үйін табуға және орнын табуға үйрету. Балалар бөлменің бір жағына қарай тұрады. Қыдырып қайтайық дейді, балалар топтасып жүре бастайды, Нұсқаушы, үйге ұайтыңдар дегенде, өз орындарына қарай жүгіреді.	Дид-қ ойын: «Көшедегі әр-түрлі көліктер » Мақсаты: «Қанша еді?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге дағдыландыру.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс.	Ернұрға, үй Жануарлар туралы тақпақ айтқызу, қошақаны қойдың, Қайда қалып қойдың .Бұлтиып тұр бүйірің. Қай өрістен тойдың. Мақсаты: Тіл байлығын дамыту.	Айшаға төрт-түлек мал туралы тақпақ жаттау. Секең-секең ей лақ, Жүрмін саған киіп –ақ, Тыным тапсаң болмайма? Секір мей-ақ ей лақ Мақсаты: Ойын әрі тілін тез жеткізу.	Бисұлтанға Жеті лақ ертегісінің түсінігін айтуға, үйрету және олардың дыбысын салу. Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін байыту.	Мұхтарға «Қасқыр мен түлкі» ертегісінің мағанасын түсіндіріп, айтуға үйрету, жабайы жануар мен үй жануарларын ажырата білу. Мақсаты: Баланың ой өрісін дамыту.	Аялаға суреттегі Жабайы жануарлар мен үй жануарларын ажыратып, олардың дыбыстарын ажыратуға үйрету. Мақсаты: Баланың қол моторикасын дамыту.
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін аяқ киімдерінің бауын байлауын, салуын, киімдерінің түймесін салуын, қадағалау үйрету, мадақтау.				
Серуен	Мақсаты: Қызығушылықтары бойынша ойындар ұйымдастыру, қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету, достыққа тәрбиелеу. Қимылдық ойын: «Кім жылдам?» Еркін ойындар				
Балалардың үйге оралуы	Ата-аналармен кеңес. Балаларымен үнемі дұрыс әңгімелесуге, үйрету, ойл ау қабілеттерін дамытуға, көмектесу.	Топта жеңіл киінуді ескерту. Дене шынықтыру формасын әкеліп қоюды ескерту.	Балалардың тамақтануы жайлы ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналарға балалардың бала бақшадағы іс-әрекеті мен тамақтануы туралы әңгімелесу.	Ата-аналарға балаларының, киімдерін дұрыс киіну дұрыс қадағалауын тапсыру. және таза әкелулерін талап ету.

Қазан айының ІІІ-апта 18.10.21-22.10.21 ж аралығындағы «Күншуақ» ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Апта тақырыбы: «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»

Мақсаты: Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы, туыстық атаулар (ана,әке, ата, әже,әпке,аға т.б) туралы,отбасы мүшелерінің міндеттері туралы түсінік беру.Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету.Күз мезгілінің неліктен жомарт күз аталу себебімен, отбасы мүшелерінің күзгі еңбегімен таныстыру. Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту. Сөйлем құрап айтуға, дыбыстарды анық, таза жеткізе білуге дағдыландыру. Отбасында үлкендерді сыйлап, кішіге қамқор болу ,әдептілік қағидаларды сақтай білуге,жағымды қарым-қатынасқа және үйде, көшеде қауіпсіздік ережелерін сақтауғатәрбиелеу. табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.10.21	Сейсенбі 19.10.21	Сәрсенбі 20.10.21	Бейсенбі 21.10.21	Жұма 22.10.21
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балалармен амандасу, денсаулықтарын тексеру, Күз мезгілі туралы ,көкөніс пен жемістер туралы әңгімелесу, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел үсті,дидактикалық, саусақ т.б)	Дидактикалық ойын: «Қауіпті, қауіпсіз» Мақсаты: Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші қолына допты алып қауіпті немесе қауіпсіз заттарды атайды. Ал, балалар сол заттардың қауіпті,қауіпсіз екендігін айту керек.	Дидактикалық ойын: «Болады,болмайды» Мақсаты: Балаларға үйдегі қауіпсіз заттарды ұстауға болмайтынын үйрету.	Дидактикалық ойын: «Ажырата біл» Мақсаты: Балалар әр суретке қарап түсінік беріп,қауыпты заттарды бір бөлек, қауыпсіз заттарды бір бөлек қояды	Дидактикалық ойын. «Атын атап бер» Мақсаты: Түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту	Дидактикалық ойын. «Бөгде адамға жолама» Мақсаты: бөтен адам келсе бармауға, қызықтыратын заттар ұсынса алмауға сақ болуға тәрбиелеу.
Таңертеңгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу кешені тәрбиешінің нұсқауы бойынша №2 Жүру жай жүру қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру шеңбер болып тұру. Жан-жақты дамыту жаттығулары. 1.Б.қ аяқты бірге қол төменде.1-қолды алға созу 2-б.қ оралу. 4-5 рет қайталау. 2. Б.қ аяқтың арасы ашық қол кеудеде 1-қолды жанына созу, 2-б.қ оралу. 4-5 рет қайталау. 3.Б.қ аяқтың арасы ашық, қол желкеде. 1-тізені бүкпей алға еңкею, 2-б.қ оралу 4-5 рет қайталау. 4.Б.қ аяқтың арасы ашық, қол белде 1-қолды жанға созу, 2-отыру,3-б.қ оралу 4-5 рет қайталау. 5.Б.қ аяқты бірге, қойып қос аяқтап қояндарша секіру, 7-8 секунд Еркін тыныс алу жаттығулары.				
Таңғы ас	Дастархан басында әдепті отыруды үйрету.Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,наның қиқымын шашпай,майлықты қолдануға үйрету.Тамақтан соң алғыс айту.				

Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Жұмбақтар жасыру (теледидар, шаңсорғыш, үтік т.б) Мақсаты: жұмбақтар жасыру арқыл баланың ойлау қабілетін дамыту.	Дидактикалық ойын. «Қауіпті және қауіпсіз заттар» Мақсаты: қауіпті заттарды қауіпсіз заттардан ажырата білу.	Дидактикалық ойын. «Жақсы- жаман» Мақсаты: заттардың қандай жағдайда жақсы және қандай жағдайда жаман екенін айту	Дидактикалық ойын. «Мен үйдемін» Мақсаты: үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздікті түсіндіру.	Дидактикалық ойын: «Артық затты тап» Мақсаты: асхана құралдарын ажырата білу
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Балақан» өлеңі (Жатқа айту) Мақсаты:балалардың отбасы туралы білімдерін жетілдіру.Есте сақтау қабілеттерін дамыту.Сөзді жай, орташа, қатты айтқыза, сол сөзді жіңішке, жуан дауыспен айтқыза отырып дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.Өлеңді өз беттерінше айтуға тәрбиелеу. Дид-қ ойын:«Қауіпті және қауіпсіз заттар» Мақсаты: Балаларға үйдегі қауіпті заттарға тимеу керектігін түсіндіру. 2.Музыка Мақсаты:Балаларға отбасы туралы әңгімелеу,музыкалық шығарманы тыңдау, есте сақтау ажырата білуге үйрету музыка ырғағына	1.Орыс тілі Тема:«Моя семья» Правила безопасности дома и на улице 2.Сурет салу Тақырыбы: «Бағдаршам» Мақсаты:балаларды бағдаршамның адам өмірі үшін маңызы туралы түсінік беру, атқаратын қызметімен таныстыру.Саусақпен сурет салу тәсілін қолдана отырып бағдаршамның суретін салуды үйрету. Жол ережесін сақтауға тәрбиелеу. Дид-қ ойын: «Жолдағы қауіпсіздік» Мақсаты: жолда жүру ережелері туралы білімдерін кеңейту	1.Дене шынықтыру Мақсаты:Нұсқаушының белгісі бойынша тоқтап, жүруге және жүгіруге үйрету. Лақтыру күшін және көзбен мөлшерлей білуді дамыту.Көлденең тұрған нысанаға қапшықтарды лақтыруға жаттықтыру; заттар арасында еңбектеп жүруге жаттықтыру. Қ/о: «Мысық пен торғайлар» 2.Математика негіздері Мақсаты:1 және 2, 2 және 2 сандарын салыстыру. Екіге дейін санау дағдысын дамыту. Топтағы әрбір элементті жұп – жұбымен салыстыру жолымен және екі топтағы заттарды саны бойынша салыстыруға үйрету. Қанша? Неше? Сұрақтарына жауап беруге үйрету. Есте сақсау, ойлау	1.Дене шынықтыру Мақсаы:Гимнастика лық орындық немесе бөрене үстінде еңбектеп жүруге және шеңбер бойымен жүгіругежаттықтыру; негізгі қасиеттерді - шапшаңдықты ептілікті дамыту. Қ/о:«Қақпаға түсір» 2.Жаратылыстану Тақырыбы:«От бізге дос па, қас па?» Мақсаты: Оттың пайдасы мен зияны туралы білім беру. Үйде болғанда, оңаша қалғандағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Қауіпсіздік ережесін сақтауға тәрбиелеу Д/о: «Кім бірінші жетті» Мақсаты:Оңды,	1.Дене шынықтыру Мақсаты:Балаларға спорттық ойындар туралы түсініктерін қалыптастыру. Тепе-теңдікті сақтап жүгіруге үйрету.Жылдамдық және ептіліктерін дамыту Қ/о:«Шеңберге түсір» 2.Музыка Мақсаты:Әнді көңілді таза айтуға үйрету. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау Өн тыңдау: «Бағдаршам»(Е Хасанғалиев) Дауыс жаттығуы: «Жоғары - төмен» Өн айту: «Анашым»(Д Ботбаев) Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қуыршақ» би қимылдары «Өз үйіңді тап 3.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы:«Мен үйдемін.Үйдегі қауіпсіздік ережелері» Мақсаты:

